

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 84 Заңы

1-бап. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша "Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган", "Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті орган", "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жұмыссыздар - өздеріне байланысты емес себептер бойынша табыс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге әзір, еңбекке жарамды жастағы адамдар;"

4) тармақшадағы "12" деген цифрлар "он екі" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) өз бетінше жұмыспен айналысушылар - өздерін жұмыспен қамтамасыз еткен еңбекке жарамды адамдар;"

мынадай мазмұндағы 13-1) және 14-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) әлеуметтік жұмыс орны - жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара ө т е л е т і н ж ұ м ы с о р н ы ; "

"14-1) жұмысқа орналастыру - халықтың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;"

3) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Жұмыспен қамтылған халық

Ж ұ м ы с п е н қ а м т ы л ғ а н х а л ы қ қ а :

1) еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, соның ішінде жұмысты сыйақы үшін толық не толық емес жұмыс уақыты жағдайларында орындайтын немесе ақы төленетін өзге жұмысы (қызметі), табысы бар;

2) кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын;

3) өз бетінше жұмыспен айналысатын;

- 4) қосалқы кәсіпшілікпен айналысатын және өнімді шарттар бойынша өткізетін;
- 5) жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдар, сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері;
- 6) ақы төленетін қызметке сайланған, тағайындалған немесе бекітілген;
- 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеріп жүрген;
- 8) қоғамдық бірлестіктерді, қоғамдық қорларды және діни бірлестіктерді қоспағанда, ұйымдардың құрылтайшылары (қатысушылары) болып табылатын, мүлкіне құрылтайшылардың (қатысушылардың) мүліктік құқықтары сақталмайтын адамдар жатады.";

4) 5 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші бөліктегі үшінші және төртінші абзацтарында "21" және "23" деген цифрлар тиісінше "жиырма бір" және "жиырма үш" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "жергілікті бюджеттің қаражатына" деген сөздер "бюджет қаражатына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау көрсету;"

мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

"5-4) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;"

6) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т ы ң 4) т а р м а қ ш а с ы н д а ғ ы :

"10" деген цифрлар "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

"азаматтар" деген сөз "адамдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "сұратуға құқығы бар." деген сөздер "сұратуға;" деген сөзбен ауыстырылып, тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) еңбек делдалдығын көрсетуге құқығы бар.";

7) 9 - б а п т а :

2-тармақтың 3-тармақшасындағы "хабарлауға міндетті." деген сөздер "хабарлауға;" деген сөзбен ауыстырылып, тармақ мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) мүгедектер үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындауға;

5) уәкілетті органға алған мамандығы мен біліктілігін көрсете отырып, кәсіптік даярлықтан, қайта даярлықтан және өндірісішілік оқытудан өткен адамдардың саны туралы мәліметтер беруге міндетті.";

3-тармақтағы "заң актілеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Жеке жұмыспен қамту агенттігі

1. Жеке жұмыспен қамту агенттігінің:

- 1) өтініш жасаған адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының мәселелері бойынша консультация беруге;
- 2) жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат беруге және өтініш жасаған адамдардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге;
- 3) жұмыс берушілер мен жұмысқа орналасқысы келетін адамдар туралы мәліметтер қ а л ы п т а с т ы р у ғ а ;
- 4) жұмыскерлердің жұмыс берушілердің біліктілік талаптарына сәйкес келуін ескере отырып, оларды іріктеуді жүзеге асыруға;
- 5) халықаралық шарттар бар болған кезде, бір елден екінші елге жұмысқа орналастыру үшін жұмыскерлер жинауды жүзеге асыруға;
- 6) өтініш жасаған адамдарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастырып, бұдан кейін жұмысқа орналастыруға;
- 7) адамдарды шет елде жұмысқа орналастырған жағдайда, оларды әкету үшін рұқсат құжаттарын ресімдеуге құқығы бар.

2. Жеке жұмыспен қамту агенттігі:

- 1) кемсітушіліктің кез келген нысанына жол бермеуге;
- 2) өтініш жасаған адамдардан алынатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз е т у г е ;
- 3) бала еңбегін пайдалануға, адамдарды жыныстық және (немесе) өзге де мақсатта пайдалану үшін тартуға жол бермеуге;
- 4) өтініш жасаған адамдармен еңбек делдалдығы бойынша қызметтер көрсету туралы шарттар жасасуға міндетті.

3. Жеке жұмыспен қамту агенттіктері жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарын құру және жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасайды.

4. Жеке жұмыспен қамту агенттіктері шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан шет елге жұмыс күшін әкетуге байланысты қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осындай қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар болған кезде жүзеге асырады.

Шетелдік жұмыс күшін тарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан шет елге жұмыс күшін әкету жұмыс берушілер жұмысқа орналастыратын елдің банктеріне немесе сақтандыру ұйымдарына жұмыскердің атына кепілді және кепілзат қойылған жарналар енгізу арқылы шарт мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыскердің өз еліне оралуына кепілдік берген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Кепілді және кепілзат қойылған жарналарды енгізу тәртібін, шарттарын және олардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

9) 12-баптың 2-тармағындағы "республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Жұмыссыздарды тіркеу

1. Жұмыс тапқысы келетін адамдар тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға жұмысқа орналасуына жәрдемдесу туралы өтініш жасай алады.

2. Жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз деп тану туралы шешімді уәкілетті орган мынадай құжаттарды:

жеке куәлігін (паспортын);

еңбек қызметін растайтын құжаттарды;

әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлікті (ӘЖК);

салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН) ұсынған кезде қабылдайды.

3. Жұмыс іздеп жүрген адам, осы баптың 2-тармағында санамаланған құжаттардан басқа, алған табыстары туралы (мәлімдеу сипатындағы) мәліметтерді қоса береді.

4. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар бұдан басқа, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігін ұсынады.

5. Оралмандар халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық қызметтері берген оралман куәлігін ұсынады.

6. Уәкілетті орган осы баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, нысанын орталық атқарушы орган бекітетін дербес есепке алу карточкасына (компьютерлік деректер базасы) мәліметтерді енгізу арқылы өтініш жасаған адамдарды тұрғылықты жері бойынша жұмыссыздар ретінде тіркейді.

7. Уәкілетті органда тіркелген жұмыссыздар - күнтізбелік он күн ішінде кемінде бір рет уәкілетті органда, ал ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар айына кемінде бір рет кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімінде белгіленіп тұруға тиіс.";

11) 16-баптың 1-тармағында:

5) тармақшадағы "6" деген цифр "7" деген цифрмен ауыстырылсын;

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) тұрғылықты жері өзгергенде;

7) осы Заңның 2-бабына сәйкес жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылғанда;"

;

12) 17-баптың 2-тармағындағы "заң актілеріне" деген сөздер "заңдарына" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Әлеуметтік жұмыс орны

1. Әлеуметтік жұмыс орнын құруды жұмыс беруші жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде жүзеге асырады.

2. Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері қамтылуға тиіс.

3. Әлеуметтік жұмыс орны уақытша жұмыс орындарын беру немесе құру арқылы ұйымдастырылады және оның мынадай ерекшеліктері болады:

1) нысаналы топтарға әдейі арналады;

2) жұмыс орындарының саны шектелмейді, жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланылмайды.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін жергілікті атқарушы орган айқындайды.";

14) 19-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 20-баптың 1-тармағындағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен, "солардың қаражатынан" деген сөздер "солардың қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 22-баптағы "және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен олардың қызметтері" деген сөздер "мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті